

Сырдария ауданында тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау және әкету тарифтерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 2018 жылғы 20 желтоқсандағы № 259 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 27 желтоқсанда № 6599 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 2021 жылғы 28 сәуірдегі № 40 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 28.04.2021 № 40 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы кодексінің 19-1 бабының 2) тармақшасына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес Сырдария аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Сырдария ауданында тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау және әкету тарифтері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың кезекті 31 сессиясының төрағасы:

Б.Есназар

Аудандық мәслихаттың хатшысы:

Е.Әжікенов

Сырдария аудандық мәслихатының 2018 жылғы 20 желтоқсандағы №259 шешіміне қосымша

Сырдария ауданында тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау және әкету тарифтері

№	Атауы	Есептік бірлік	Бағасы, теңгемен (ҚҚС бірге)
1.	Тұрғын үйлерден қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау және әкету	айына 1 адамға 1 текше метр (м3)	58,21
2.	Шаруашылық субъектілері үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау және әкету	1 текше метр (м3)	715

Ескертпе: ҚҚС – қосымша құн салығы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК